

Успен ауданында мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру–сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін белгілеу туралы

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 171/7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 04 тамызда № 4637 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 48-бабына сәйкес Успен ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Успен ауданында мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшері белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Успен ауданы әкімінің осы мәселеге жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Демеуов

Аудан әкімдігінің
2015 жылғы "13" шілде
№ 171/7 қаулысымен бекітілді

Успен ауданында мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен дене пайдалынатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшері

р/с №	Азаматтар санаты	Жеңілдіктер мөлшері
1	7 жасқа дейінгі балалар	Тегін
2	Көп балалы отбасыларынан оқушы - балалар	Тегін
3	Балалар үйлерінен оқушы – балалар	Тегін
4	Спорт ардагерлері	Тегін

5	Оқушылар	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру – сауықтыру қызметтері құнына 50% мөлшердегі жеңілдік
6	Студенттер	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру – сауықтыру қызметтері құнына 50% мөлшердегі жеңілдік
7	Зейнеткерлер	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру – сауықтыру қызметтері құнына 50% мөлшердегі жеңілдік

*Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ